

Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:
www.philips.com/welcome

Сұрағыңыз
бар ма? Philips
компаниясына
хабарласыңыз

ORD7300



Қолданушының нұсқасы

PHILIPS

Мазмұндар кестесі

1 Қауіпсіздік	2
2 Қондырмалы жүйе	4
Кіріспе	4
Қораптың құрамы	4
Жүйеге шолу	5
3 Қуатты қосу	7
4 Қуатты қосып, көзді таңдау	8
5 Сағатты орнату	9
6 Докты пайдалану	10
Үйлесімді iPod/iPhone үлгілері	10
Док арқылы дыбысты тыңдау	10
iPod/iPhone құрылғысын зарядтау	11
iPod/iPhone құрылғысын доктан алу	11
7 FM радио станцияларын тыңдау	12
Радиостанцияны автоматты түрде іздеу	12
Радио станцияны қолмен іздеу	12
Радио станцияларды автоматты түрде сақтау	12
Радио станцияларды қолмен бағдарламалау	12
RDS ақпаратын көрсету	12
FM параметрлерін реттеу	13
8 DAB радиостанцияларын тыңдау	15
Бірінші рет пайдаланғанда	15
Радио станцияларды бағдарламау	15
DAB ақпаратын көрсету	16
DAB мәзірлерін пайдалану	16
9 Сыртқы құрылғыны тыңдау	18

10 Жүйелік мәзірлерді пайдалану	19
Орнатылған бағдарламалық жасақтама нұсқасын тексеру	19
Өнімді ысыру	19
Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту	19
11 Дыбыс деңгейін реттеу	20
12 Қашықтан басқару құралын пайдалану	21
Батареяны белсендіру	21
Ойнатуды басқару	21
Батареяны ауыстыру	22
13 Ақаулықтарды жою	23
14 Өнім туралы ақпарат	24
Күшейткіш	24
Тюнёр	24
Динамиктер	24
Жалпы ақпарат	24
15 Ескерту	25
Сәйкестік	25
Қоршаған ортаны күту	25
Өнімде көрсетілген тауар белгісі	26
Авторлық құқықтары	26

1 Қауіпсіздік

Өнімді қолданар алдында барлық нұсқауларды оқып, түсініп алған жөн. Нұсқауларды орындау қателігінен ақаулық туындаса, кепілдік қолданылмайды.

Электр тоғының соғу немесе өрт шығу қаупі бар!

- Өнімнің корпусын ешқашан алмаңыз.
- Өнімге немесе оның қосалқы құралдарына жаңбыр немесе су тимеуі керек. Өнімнің жанына ваза сияқты сұйықтық құйылған ыдыстарды қоймаңыз. Өнімге сұйықтықтар төгіліп кетсе, оны дереу розеткадан ажыратыңыз. Өнімді пайдалану алдында тексеріп алу үшін тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Өнімді және қосалқы құралдарды оттың немесе басқа қызу көздерінің жанына, соның ішінде тікелей күн сәулесіне қоймаңыз.
- Өнімнің желдеткіш тесіктеріне немесе басқа саңылауларына ештеңе салмаңыз.
- Желі істікшесі немесе құралды жалғаушы ажырату құрылғысы ретінде қолданылғанда ажырату құрылғысы жұмыс істеуге дайын күйінде қалады.
- Найзағайлы бораннан бұрын өнімді розеткадан ажыратып қойыңыз.
- Қуат сымын ажыратқанда, ешқашан кабелінен емес, әрдайым ашасынан тартып суырыңыз.
- Батареялар (батарея топтамасы немесе орнатылған батареялар) күн сәулесі, от немесе соған ұқсас шамадан тыс қызу әсеріне ұшырамауы тиіс.

Қысқа жүйе немесе өрт қаупі!

- Өнімді қуат көзіне жалғамай тұрып, электр кернеуі өнімнің артында жазылған мәнге сәйкес келетінін тексеріңіз. Егер кернеу басқа болса, өнімді розеткаға қосушы болмаңыз.

- Қашықтан басқару құралын немесе батареяларды жаңбырға, суға, күн сәулесіне немесе тым көп қызулы жерлерге ешқашан шығармаңыз.
- Қуат розеткасына қатты күш салмаңыз. Бос тағылған қуат розеткасы күйге немесе өртке себеп болуы мүмкін.
- Батареяны полярлығы (+/- таңбалары) қашықтан басқару құралында көрсетілгендей дұрыс орнатыңыз.
- Батарея дұрыс ауыстырылмаса жарылу қаупі болады. Дәл сондай немесе соған тең түрімен ауыстырыңыз.

Жарақаттану немесе өнімге зақым келу қаупі бар!

- Өнімге сұйықтық тамшыламауы немесе шашырамауы тиіс!
- Өнімнің үстіне қандай да бір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық толтырылған заттар, жағылған шырақтар) қоймаңыз.
- Өнімді немесе басқа заттарды қуат сымдарының немесе электр жабдықтарының үстіне қоймаңыз.
- Өнім 5 °C градустан төмен температурада тасымалданған болса, оны қаптамасынан шығарыңыз да, розеткаға жалғамай тұрып, бөлме температурасына дейін жылынуын күтіңіз.

Қатты қызып кету қаупі бар!

- Бұл өнімді тар жерде орнатуға болмайды. Желдетілуі үшін, өнімнің айналасында міндетті түрде кемінде 10 сантиметр орын қалдырыңыз.
- Өнімдегі желдеткіш тесіктердің перделермен немесе басқа заттармен жабылып қалмауын қадағалаңыз.

Ластану қаупі!

- Батареяның заряды таусылған немесе қашықтан басқару құралы ұзақ уақыт пайдаланылмайтын болса, батареяны шығарыңыз.
- Ішінде химиялық заттар бар болғандықтан, батареяларды дұрыс тастау керек.

Тиынға ұқсас батареяны жұтып қою қаупі бар!

- Құралда жұтуға болатын тиынға/түймеге ұқсас батарея болуы мүмкін. Барлық жағдайда батареяны балалардан аулақ ұстаңыз! Жұтылған жағдайда батарея ауыр жарақатқа немесе өлімге себеп болуы мүмкін. Жұтылғаннан кейін екі сағат ішінде ішкі мүшелердің күйіп қалу қаупі бар.
- Батареяны жұтып қойды немесе денесінің басқа жеріне кіріп кетті деп күдіктенсеңіз, дереу дәрігерге қаралыңыз.
- Батареяны ауыстыру кезінде, барлық жаңа және ескі батареяларды балалардың қолы жетпейтін жерде ұстаңыз. Батареяны ауыстырғаннан кейін, батарея бөлімінің жақсылап жабылғанын тексеріңіз.
- Егер батарея бөлімін жақсылап жабу мүмкін болмаса, өнімді қолданбаңыз. Балалардың қолы жетпейтін жерге қойып, өндірушіге хабарласыңыз.



Ескертпе

- Түр тақтасы өнімнің артқы жағында орналасқан.

2 Қондырмалы жүйе

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді www.philips.com/welcome торабында тіркеңіз.

- ⑤ Құрама корольдікке арналған АТ қуат сымы
- ⑥ МРЗ байланыс кабелі


Кіріспе

Осы жүйемен келесі әрекеттерді орындай аласыз:

- аудионы iPod/iPhone немесе сыртқы құрылғыдан тыңдау;
- iPod/iPhone құрылғысын зарядтау;
- FM және DAB радиостанцияларын тыңдау.



Қораптың құрамы

Қораптың ішіндегілерді тексеріп анықтаңыз:



- ① Динамикті бекіту
- ② Қашықтан басқару пульті
- ③ Пайдаланушы нұсқаулығы
- ④ VDE айнымалы ток (АТ) қуат сымы

Жүйеге шолу



① INFO

- Қол жетімді ақпаратты көрсету үшін қайталап басыңыз.

② SCAN

- Келесі күшті FM радиостанциясын іздеуді белсендіру үшін басыңыз.
- FM радиостанцияларын автоматты түрде іздеу және сақтауды белсендіру үшін басып тұрыңыз.

③ SOURCE

- Көзді таңдау үшін бұрыңыз.
- Жүйені күту режимінен қалыпты режимге ауыстыру үшін бұрыңыз.

④ POWER VOLUME

- Жүйені күту режимі және қалыпты режим арасында ауыстыру үшін басыңыз.
- Дыбыс деңгейін реттеу үшін бұрыңыз.

⑤ iPod/iPhone үшін док

⑥ FM/AM

- FM режимінде радиостанцияны қолмен реттеу үшін бұрыңыз.
- FM немесе DAB мәзірлерінде ауыстырып қосу үшін бұрыңыз.

- FM немесе DAB мәзірлерінде төменірек деңгейлі мәзірлерге кіру немесе опцияны растау үшін басыңыз.
- Үйлесімді iPod/iPhone үшін музыка ойнатуды уақытша тоқтату немесе жалғастыру үшін басыңыз.
- Үйлесімді iPod/iPhone үшін оны ұйқы режиміне ауыстыру үшін басып тұрыңыз немесе ояту үшін басыңыз.

⑦ PRESET

- Алдын ала орнатылған радиостанцияны таңдау үшін бұраңыз.

⑧ PROGRAM

- Радиостанцияларды бағдарламалауды белсендіру үшін басыңыз.

⑨ MENU

- FM немесе DAB мәзірлеріне кіру немесе олардан шығу үшін басыңыз.
- iPod/iPhone құрылғысындағы **iPod/Music (iPod/Музыка)** мәзірін ашу үшін басыңыз.
- iPod/iPhone құрылғысындағы **iPod/Music (iPod/Музыка)** мәзірі астындағы музыка санаттары бойынша ауыстырып-қосу үшін қайта-қайта басыңыз.

⑩ СКД экраны

⑪ AC MAIN~

- АТ қуат сымына жалғау.

⑫ MP3-LINK


- MP3 байланыс кабелі арқылы сыртқы құрылғыға жалғау.

⑬ DAB SOFTWARE

- Микробағдарламаны жаңартуға арналған ұяшық


⑭ Антенна

3 Қуатты қосу



АТ қуат сымын **AC MAIN**~ ұяшығына, содан кейін розеткаға жалғаңыз.

4 Қуатты қосып, көзді таңдау



Өнімнің қуатын қосу үшін

- **POWER** түймесін басыңыз,
- өнімдегі **SOURCE** түймесін бұрыңыз немесе
- қашықтан басқару құралында **⏻** түймесін басыңыз.
 - ↳ Өнім соңғы таңдалған көзге ауысады.
- Өнімді күту режиміне ауыстыру үшін **POWER** түймесін немесе **⏻** түймесін қайтадан басыңыз.

Көзді таңдау үшін

- өнімдегі **SOURCE** түймесін бұрыңыз немесе
- қашықтан басқару құралында **SRC** түймесін қайта-қайта басыңыз.
 - **DAB Mode** : DAB радиостанцияларын тыңдау
 - **FM Mode** : FM радиостанцияларын тыңдау
 - **DOCK** : iPod/iPhone құрылғысындағы ойнату тізімін ойнату
 - **MP3-Link** : **MP3-LINK** ұяшығы арқылы берілген аудионы ойнату

5 Сағатты орнату

- 1 Күту режимінде  түймесін 2 секунд бойы басып тұрыңыз.
↳ **12-Hour** (12 сағаттық уақыт пішімі) немесе **24-Hour** (24 сағаттық уақыт пішімі) жыпылықтайды.
- 2 Уақыт пішімін таңдау үшін  тұтқасын бұраңыз, одан кейін растау үшін  түймесін басыңыз.
↳ Сағат цифрлары жыпылықтайды.
- 3 Сағатты орнату үшін  тұтқасын бұраңыз, одан кейін растау үшін  тұтқасын басыңыз.
↳ Минут цифрлары жыпылықтайды.
- 4 Минутты орнату үшін  тұтқасын бұраңыз, одан кейін растау үшін  тұтқасын басыңыз.
↳ Келесі мәзір көрсетіледі.

DAB Sync Clock
No <Yes>

- 5 <Yes> немесе <No> жауабын таңдау үшін,  тұтқасын бұраңыз.
 - <Yes> : уақыт сигналын беретін DAB станциясымен өнімге сағатты автоматты түрде синхрондауға мүмкіндік береді.
 - <No> : уақыт сигналын беретін DAB станциясымен сағатты синхрондамайды.
- 6 Растау үшін  тұтқасын басыңыз.

6 Докты пайдалану

Осы өнім арқылы үйлесімді iPod/iPhone құрылғысындағы дыбысты тыңдауға болады.

Ескертпе

- Ойнату кезінде iPod/iPhone құрылғысының құлақсаппа ұяшығы арқылы дыбыстық сигналдар жіберілмейді.
- iPod/iPhone қосылып және танылғаннан кейін өнім сағатын iPod/iPhone құрылғысымен автоматты түрде синхрондайды.

Үйлесімді iPod/iPhone үлгілері


Бұл өнім келесі iPod және iPhone үлгілерін қолдайды.

Мыналар үшін жасалған


- iPod touch (2-ші, 3-ші және 4-ші буын)
- Классикалық iPod
- iPod nano (2-ші, 3-ші, 4-ші, 5-ші және 6-шы буын)
- iPhone 4S
- iPhone 4
- iPhone 3GS
- iPhone 3G

Док арқылы дыбысты тыңдау


- 1 Көз қосқышын DOCK мәніне ауыстырыңыз.
- 2 Шығару үшін қондырма науасын итеріңіз.



- 3 iPod/iPhone/iPad құрылғыңызды қондырмаға қосыңыз.



- 4 iPod/iPhone құрылғыңыздағы жолды ойнатыңыз.



- Бастау, уақытша тоқтату, немесе жалғастыру үшін, **SELECT** тұтқасын басыңыз.
- Жолды өткізіп жіберу үшін, **SELECT** тұтқасын бұраңыз.
- iPod/iPhone құрылғысын ұйқы режиміне ауыстыру немесе ояту үшін, **SELECT** тұтқасын басып тұрыңыз.

iPod/iPhone құрылғысын зарядтау

iPod/iPhone құрылғысы докқа қойылып, танылғаннан кейін зарядтау басталады.

iPod/iPhone құрылғысын доктан алу



Ескертпе

- Докты немесе iPod/iPhone құрылғысын зақымдау қаупі бар: шығару кезінде iPod/iPhone құрылғыңызды бұрмаңыз немесе шайқамаңыз.

- 1 iPod/iPhone құрылғысын доктан ажыратыңыз.
- 2 Сақтау үшін док науасын «сырт» еткен дыбысты естігенше ішке итеріңіз.

7 FM радио станцияларын тыңдау


- 1 Өнімді FM mode режиміне ауыстыру үшін **SOURCE** тұтқасын бұрыңыз.
- 2 Радиостанцияларды автоматты түрде немесе қолмен іздеу.

Ескертпе

- Оңтайлы қабылдау үшін антеннаны толығымен ұзартыңыз және оның орнын реттеңіз.
- Ең көбі 30 FM радио станциясын сақтауға болады.

Радиостанцияны автоматты түрде іздеу

Автоматты іздеуді белсендіру үшін **SCAN** түймесін басыңыз.



- Күшті радиостанция анықталғаннан кейін іздеу тоқтайды және радиостанция таратылады.

Радио станцияны қолмен іздеу

Көздеген радио станция жиілігі көрінгенше, SELECT тұтқасын бұраңыз.

Радио станцияларды автоматты түрде сақтау

Auto көрінгенше, **SCAN** түймесін басып тұрыңыз.

- Іздеу аяқталғаннан кейін бірінші сақталған радиостанция таратылады.

- Сақталған радиостанцияны реттеу үшін **PRESET** тұтқасын сол радиостанцияның жиілігі көрсетілгенше бұрыңыз.

Радио станцияларды қолмен бағдарламалау

- 1 Радио станцияға реттеу.
 - 2 Бағдарламалауды белсендіру үшін **PROGRAM** түймесін басыңыз.
 - 3 Алдын ала орнатылған реттік нөмірді таңдау үшін SELECT тұтқасын бұрыңыз.
 - 4 Растау үшін SELECT тұтқасын басыңыз.
→ Радиостанция таңдалған реттік нөмірмен сақталады.
 - 5 Қосымша радиостанцияларды бағдарламалау үшін 1-4 қадамдарын қайталаңыз.
- Алдын ала орнатылған радиостанцияға реттеу үшін соның жиілігі көрсетілгенше **PRESET** тұтқасын бұрыңыз.

Ескертпе

- Радиостанцияны басқа радиостанцияның реттік нөмірімен сақтасаңыз, алдыңғысы жойылады.

RDS ақпаратын көрсету

Радио деректер жүйесі (RDS) — FM станцияларына қосымша ақпарат көрсетуге мүмкіндік беретін қызмет. RDS сигналдарын

тарататын FM радиостанциясына реттесеңіз, станцияның атауы көрсетіледі.

1 RDS стансасына баптаңыз.

2 Төмендегі ақпаратта (қол жетімді болса) жылжу үшін **INFO** түймесін қайталап басыңыз:

- Радио мәтіні
- Бағдарлама түрі, мысалы, **[NEWS]** (жаңалықтар), **[SPORT]** (спорт), **[POP M]** (поп музыка)...
- Бағдарлама қызметі
- Моно/Стерео
- Уақыт
- Күн

RDS бағдарлама түрлері

NO TYPE	RDS бағдарлама түрі жоқ
NEWS	Жаңалықтар қызметтері
AFFAIRS	Саясат және ағымдағы істер
INFO	Арнайы ақпарат бағдарламалары
SPORT	Спорт
EDUCATE	Білім және кеңейтілген оқыту
DRAMA	Радио пьесалары және әдебиеті
CULTURE	Мәдениет, дін және қоғам
SCIENCE	Ғылым
VARIED	Ойын-сауық бағдарламалары
POP M	Поп музыка
ROCK M	Рок музыкасы
MOR M	Жеңіл музыка
LIGHT M	Жеңіл классикалық музыка
CLASSICS	Классикалық музыка
OTHER M	Басқа музыка бағдарламалары
WEATHER	Ауа райы
FINANCE	Қаржы
CHILDREN	Балаларға арналған бағдарламалар
SOCIAL	Әлеуметтік істер
RELIGION	Дін
PHONE IN	Телефон кірісі
TRAVEL	Сапар шегу

LEISURE	Бос уақыт
JAZZ	Джаз музыкасы
COUNTRY	Кантри музыкасы
NATION M	Ұлттық музыка
OLDIES	Ескі музыка
FOLK M	Халықтық музыка
DOCUMENT	Деректік
TES	Дабылды тексеру
ALARM	Дабыл

FM параметрлерін реттеу

- 1 FM режимінде FM мәзірлеріне қатынасу үшін **MENU** түймесін басыңыз.
- 2 Мәзірлерді шарлау үшін **SELECT** тұтқасын бұрыңыз.

Іздеу параметрі

FM
<Scan setting>

- 1 Ішкі мәзірлерге қатынасу үшін **SELECT** тұтқасын басыңыз.
- 2 Опцияны таңдау үшін **SELECT** тұтқасын басыңыз.
 - **Strong station**: тек күшті станцияларды іздеу.
 - **All stations**: станцияның сигнал күші күшті немесе әлсіз болсын, барлық станцияларды іздеу.
- 3 Опцияны растау үшін **SELECT** тұтқасын басыңыз.


Дыбыс параметрі

FM
<Audio setting>

- 1 Ішкі мәзірлерге қатынасу үшін **SELECT** тұтқасын басыңыз.

- 2 Опцияны таңдау үшін  тұтқасын басыңыз.
- **Stereo allowed**: станция әлсіз стерео дыбыс сигналдарын таратса да, стерео шығысқа рұқсат ету.
 - **Forced mono**: тіпті станция күшті стерео дыбыс сигналдарын таратса да, стерео сигналдарды монофондық шығысқа түрлендіру.
- 3 Опцияны растау үшін  тұтқасын басыңыз.

Жүйелік мәзірлер



- 1 Жүйелік мәзірлерге қатынасу үшін  тұтқасын басыңыз.
- 2 Ішкі мәзірді таңдау үшін  тұтқасын бұрыңыз.
- Мәліметтер алу үшін «**Жүйелік мәзірлерді пайдалану**» бөлімін қараңыз.

8 DAB радиостанцияларын тыңдау



Ескертпе

- Оңтайлы қабылдау үшін антеннаны толығымен ұзартыңыз және оның орнын реттеңіз.
- Ең көбі 30 DAB радио стансасын бағдарламалауға болады.
- Сіздің аймақтағы тиісті DAB радио жиіліктерін білу үшін жергілікті ритейлерге хабарласыңыз немесе www.WorldDAB.org сайтына өтіңіз.



Кеңес

- Сақталған станциялардың тізімін жаңарту үшін қайтадан іздеуге болады («DAB мәзірлерін пайдалану» > «Станцияларды қайта іздеу» бөлімін қараңыз).
- Станцияны қолмен реттеуге болады («DAB мәзірлерін пайдалану» > «Станцияны қолмен реттеу»).


Арнайы таңбалар туралы

Станция атауының алдында кейбір таңбалар көрсетілуі мүмкін.

- **H**: станция 10 таңдаулы станцияның біреуі болып табылады.
- **?**: станция қол жетімді емес немесе белсенді емес.
- **>>**: станция — қосымша қызметі бар негізгі станция.
- **<<**: станция — қосымша станция.

Бірінші рет пайдаланғанда

- 1 Өнімді **radio** режиміне ауыстыру үшін, **SOURCE** тұтқасын бұраңыз.
- 2 **Full scan** мәзірі көрсетілгенше, **SELECT** тұтқасын бұраңыз.



- 3 Автоматты іздеуді белсендіру үшін **SELECT** тұтқасын басыңыз.
 - ↳ Бұл өнім жеткілікті сигнал күші бар радиостанцияларды автоматты түрде сақтайды.
 - ↳ Іздеу аяқталғаннан кейін бірінші сақталған радиостанция автоматты түрде таратылады.
- 4 Станцияны таңдау үшін **SELECT** тұтқасын бұрыңыз, содан кейін тыңдауды бастау үшін **SELECT** тұтқасын басыңыз.

Радио станцияларды бағдарламау

- 1 DAB радиостанциясына реттеңіз.
- 2 Бағдарламалауды белсендіру үшін **PROGRAM** түймесін басыңыз.
- 3 Алдын ала орнатылған реттік нөмірді таңдау үшін **SELECT** тұтқасын бұрыңыз.
- 4 Растау үшін **SELECT** тұтқасын басыңыз.
 - ↳ Радиостанция таңдалған реттік нөмірмен сақталады.
- 5 Қосымша радиостанцияларды бағдарламалау үшін 1-4 қадамдарын қайталаңыз.
 - Алдын ала орнатылған радиостанцияға реттеу үшін соның атауы көрсетілгенше **PRESET** тұтқасын бұрыңыз.



Ескертпе

- Радиостанцияны басқа радиостанцияның реттік нөмірімен сақтасаңыз, алдыңғысы жойылады.

DAВ ақпаратын көрсету

DAВ таратылымының дисплейінде бірінші жол станцияның атауын көрсетеді және екінші жол ағымдағы станция үшін қызмет туралы ақпаратты көрсетеді.


Төмендегі ақпаратта (қол жетімді болса) жылжу үшін **INFO** түймесін қайталап басыңыз:

- Динамикалық белгі сегменті (DLS)
- Сигналдың күші
- Бағдарлама түрі (PTY)
- Топтың атауы
- Жиілік
- Сигнал қатесінің жиілігі
- Бит жылдамдығының кодегі
- Уақыт
- Күн

DAВ мәзірлерін пайдалану

- 1 DAВ режимінде DAВ мәзірлеріне қатынасу үшін **MENU** түймесін басыңыз.
- 2 Мәзірлерді шарлау үшін **SELECT** тұтқасын бұрыңыз.


Сақталған станцияға реттеу



- 1 Сақталған станциялардың тізіміне қатынасу үшін **SELECT** тұтқасын басыңыз.
 - Егер DAВ станциясы сақталмаған болса, өнім автоматты іздеуді бастайды.
- 2 Станцияны таңдау үшін **SELECT** тұтқасын бұрыңыз.
- 3 Тыңдауды бастау үшін **SELECT** тұтқасын басыңыз.

Станцияларды қайтадан іздеу

Толық іздеу DAВ радиостанцияларын кең ауқымды іздеуді орындау үшін пайдаланылады.




Қол жетімді DAВ станцияларын іздеуді бастау үшін **SELECT** тұтқасын басыңыз.

- ➔ Іздеу аяқталғаннан кейін бірінші анықталған станция таратылады.

Станцияны қолмен реттеу

Бұл мүмкіндік көмегімен белгілі бір арнаға/жиілікке қолмен реттеуге болады. Жақсырақ радио қабылдау үшін антеннаның бағытына қоса, оңтайлы қабылдауды осы мүмкіндік көмегімен де алуға болады.




- 1 Станциялар тізіміне қатынасу үшін **SELECT** тұтқасын басыңыз.
- 2 5A және 13F арасындағы станцияны таңдау үшін **SELECT** тұтқасын бұрыңыз.



- 3 Опцияны растау үшін **SELECT** тұтқасын басыңыз.

DRC (динамикалық ауқымды басқару)

DRC радиостанциялар арасындағы динамикалық ауқымдағы айырмашылықтар үшін түзетілім дәрежесін қосады немесе жояды.



- 1 Ішкі мәзірлерге қатынасу үшін  тұтқасын басыңыз.
- 2 Опцияны таңдау үшін  тұтқасын басыңыз. (Опция артындағы жұлдызша ағымдағы параметрді көрсетеді.)
 - **DRC off** : түзетілім қолданылмайды.
 - **DRC low** : орташа түзетілім қолданылады.
 - **DRC high** : ең үлкен түзетілім қолданылады.
- 3 Опцияны растау үшін  тұтқасын басыңыз.

Жарамсыз станцияларды жою

Бұл опция белсенді станцияларды көрсетеді және тізімде бар, бірақ сіздің аймақта қызмет көрсетпейтін барлық станцияларды жояды. Жарамсыз станцияның станция атауының алдында сұрақ белгісі (?) көрсетіледі.

DAB

<Prune >

- 1 Ішкі мәзірлерге қатынасу үшін  тұтқасын басыңыз.
- 2 Опцияны таңдау үшін  тұтқасын басыңыз.
 - **<No>** : алдыңғы мәзірге оралу.
 - **<Yes>** : станциялар тізімінен жарамсыз станцияларды жою.
- 3 Опцияны растау үшін  тұтқасын басыңыз.

Жүйелік мәзірлер


DAB

<System >

- 1 Жүйелік мәзірлерге қатынасу үшін  тұтқасын басыңыз.
- 2 Ішкі мәзірді таңдау үшін  тұтқасын бұрыңыз.
 - Мәліметтер алу үшін «**Жүйелік мәзірлерді пайдалану**» бөлімін қараңыз.

9 Сыртқы құрылғыны тыңдау

Сондай-ақ, осы өнім арқылы сыртқы дыбыстық құрылғыны, мысалы, MP3 ойнатқышын тыңдауға болады.



- 1 Көзді **MP3-Link** режиміне ауыстыру үшін, **SOURCE** тұтқасын бұраңыз.
- 2 MP3 байланыс кабелін мыналарға жалғаңыз:
 - өнімнің артқы тақтасындағы **MP3-LINK** ұяшығына және
 - сыртқы құрылғыдағы құлақаспап ұяшығына.
- 3 Сыртқы құрылғыдағы дыбысты ойнатыңыз (оның пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).

10 Жүйелік мәзірлерді пайдалану

Жүйелік мәзірлерді

- осы өнімнің ағымдағы бағдарламалық жасақтамасының нұсқасын тексеру,
- бағдарламалық жасақтаманы жаңарту және
- өнімді зауыттық әдепкі күйге ысыру үшін пайдаланыңыз.

Орнатылған бағдарламалық жасақтама нұсқасын тексеру

System
<SW version >

Ағымдағы бағдарламалық жасақтаманың нұсқасын көрсету үшін **SELECT** тұтқасын басыңыз.

Өнімді ысыру

System
<Factory Reset >

- 1 Опцияларды көрсету үшін **SELECT** тұтқасын басыңыз.
- 2 Опцияны таңдау үшін **SELECT** тұтқасын басыңыз.
 - <No> : алдыңғы мәзірге оралу.
 - <Yes> : өнімді зауыттық әдепкі күйге ысыру.
- 3 Опцияны растау үшін **SELECT** тұтқасын басыңыз.

Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту

System
<Software Upgra>

- 1 www.philips.com/support бетіне өтіңіз.
- 2 «ORD7300/10» мәнін кілтсөз ретінде пайдаланып осы өнім туралы қолдау ақпаратын іздеңіз.
 - ↳ Жаңарту бумасы қол жетімді болғанда «Software & drivers» (Бағдарламалық жасақтама және драйверлер) астындағы «Installation instructions» (Орнату туралы нұсқаулар) сілтемесі қол жетімді болады. Сілтеме атауларының дәл мәтіні әр түрлі тілдерде әр түрлі болуы мүмкін.
- 3 «Installation instructions» (Орнату туралы нұсқаулар) сілтемесін басыңыз.
- 4 Бағдарламаны жаңарту туралы нұсқауларды оқыңыз және түсініңіз.
- 5 Жаңартуды орындау туралы нұсқауларды орындаңыз.

11 Дыбыс деңгейін реттеу

POWER
VOLUME тұтқасын бұрыңыз.

12 Қашықтан басқару құралын пайдалану

Пайдалану кезінде ойнатуды басқару үшін қашықтан басқару құралын пайдалануға болады.

Батареяны белсендіру

Бірінші рет пайдалану үшін батарея бөлімінен қорғағыш ілмекті тартып шығарыңыз.

Ойнатуды басқару

Ойнату барысында ойнатуды басқару үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

FM режимі

Түймелер Функциялар

◀◀ / ▶▶ Белгілі бір радиостанцияға реттеу үшін жиілігі көрсетілгенше қайта-қайта басыңыз.

◀◀ / ▶▶ Алдыңғы немесе келесі сигналы күшті радиостанцияға реттеу мақсатында іздеуді бастау үшін басып тұрыңыз.

◀◀ / ▶▶ Радиостанцияны бағдарламалау кезінде реттік нөмірді таңдау үшін қайта-қайта басыңыз.

◀◀ / ▶▶ Мәзірлер арасында жылжу үшін қайта-қайта басыңыз.

PRESET +/- Алдын ала орнатылған радиостанцияға реттеу үшін реттік нөмірі және жиілігі көрсетілгенше қайта-қайта басыңыз.

SCAN Радиостанцияларды автоматты түрде сақтау үшін **Auto** көрсетілгенше басып тұрыңыз.

SCAN Келесі сигналы күшті станцияны іздеу үшін оны басыңыз. Іздеу кезінде **Scanning...** көрсетіледі.

PROG Радиостанцияларды бағдарламалау үшін,
1 Сақтау керек радиостанцияға реттеңіз.
2 Бағдарламалауды белсендіру үшін **PROG** түймесін басыңыз.
3 Реттік нөмірді таңдау үшін **◀◀ / ▶▶** түймесін басыңыз.
4 Растау үшін, **OK** түймесін басыңыз.
5 Қосымша радиостанцияларды бағдарламалау үшін 1-4-ші қадамдарды қайталаңыз.

OK Мәзір параметрін растау үшін оны басыңыз.

DAB режимі

Түймелер Функциялар

MENU • DAB мәзірлеріне қатынасу үшін оны басыңыз.
 • Шығу немесе жоғарғы деңгейлі мәзірге оралу үшін оны қайтадан басыңыз.

◀◀ / ▶▶ Мәзірлер арасында жылжу үшін қайта-қайта басыңыз.

OK Мәзір параметрін растау үшін оны басыңыз.

◀◀ / ▶▶ Станциялар тізімінен радиостанцияны таңдау үшін атауы көрсетілгенше қайта-қайта басыңыз.

PRESET +/- Алдын ала орнатылған радиостанцияға реттеу үшін реттік нөмірі және жиілігі көрсетілгенше қайта-қайта басыңыз.

Түймелер	Функциялар
◀◀ / ▶▶	Радиостанцияны бағдарламалау кезінде реттік нөмірді таңдау үшін қайта-қайта басыңыз.
PROG	Радиостанцияларды бағдарламалау үшін, 1 Сақтау керек радиостанцияға реттеңіз. 2 Бағдарламалауды белсендіру үшін PROG түймесін басыңыз. 3 Реттік нөмірді таңдау үшін ◀◀ / ▶▶ түймесін басыңыз. 4 Растау үшін, ⏏ түймесін басыңыз. 5 Қосымша радиостанцияларды бағдарламалау үшін 1-4-ші қадамдарды қайталаңыз.


DOCK режимі

Түймелер	Функциялар
▶▶ / ◀◀	Ойнатуды бастау, кідірту немесе жалғастыру үшін оны басыңыз.
▶▶ / ◀◀	iPod/iPhone құрылғысын ұйқы режиміне ауыстыру немесе оны ояту үшін оны басып тұрыңыз.
◀◀ / ▶▶	Жолға өту үшін қайта-қайта басыңыз.
◀◀ / ▶▶	Жолды артқа айналдыру немесе жылдам алға іздеу үшін басып тұрыңыз.
MENU	Кітапханадан жолды таңдау үшін, 1 iPod/iPhone құрылғысының iPod/Music (iPod/Музыка) мәзіріне қатынасу үшін MENU түймесін басыңыз. 2 Санаттарда жылжу үшін MENU түймесін қайта-қайта басыңыз. 3 Ішкі санаттарда жылжу немесе жолды таңдау үшін ◀◀ / ▶▶ түймесін басыңыз. 4 Төменірек деңгейдегі мәзірге кіру немесе таңдалған жолды бастау үшін ⏏ түймесін басыңыз.

Дауысы

Түймелер	Функциялар
VOL+/VOL-	Дыбыс деңгейін арттыру немесе азайту үшін қайта-қайта басыңыз.
MUTE	Өнімнің дыбысын өшіру немесе дыбысты қосу үшін түймені басыңыз.

Батареяны ауыстыру



- 1 Батарея науасын тартып шығарыңыз да, жалпақ батареяны алыңыз.
- 2 Бір CR2025 батареясын көрсетілгендей полюстерін дұрыс қаратып (+/-) салыңыз.
- 3 Батарея науасын салыңыз.

13 Ақаулықтарды жою



Абайлаңыз

- Өнімнің сыртқы қабатын алуға болмайды.

Кепілдік жарамдылығын сақтау үшін өнімді ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасамаңыз. Бұл құрылғыны пайдалану кезінде мәселелерге кезіксеңіз, қызмет сұраудан бұрын төмендегі тармақтарды тексеріп шығыңыз. Егер мәселе шешілмесе, Philips веб-бетіне (www.philips.com/support) өтіңіз. Тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына хабарласқан кезде өнімнің қасыңызда екенін, үлгі және сериялық нөмірі қол жетімді екенін тексеріңіз.

Қуат жоқ

- АТ қуат сымы дұрыс жалғанғанын тексеріңіз.
- АТ розеткасында қуаттың бар екендігін тексеріңіз.

Дыбыс жоқ

- Дыбыс деңгейін реттеңіз.
- MP3-Link режимінде сыртқы дыбыстық құрылғының дыбысы өшірілмегенін тексеріңіз.

Өнімнен жауап жоқ

- Қуат қол жетімді екенін тексеріңіз.
- Өнімді өшіріңіз де, қайтадан қосыңыз.

Нашар радио сигналын қабылдау

- Басқа электр құрылғылардан болатын кедергіге немесе ғимарат кедергілеріне байланысты сигналдар әлсіз болып қалады. Өнімді кедергі жоқ орынға жылжытыңыз.
- Антенна толығымен ұзартылғанын тексеріңіз. Антеннаның орнын реттеңіз.

Сағат параметрі өшірілген.

- Қуат үзілген немесе АТ қуат сымы ажыратылған.
- Сағатты қайта орнатыңыз.

14 Өнім туралы ақпарат

Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертіледі.

Жалпы ақпарат

АТ қуатының деңгейі	100-240 В~, 50/60 Гц
Жұмыс үшін қуат тұтынуы	15 Вт
Өлшемдер (негізгі құрылғы)	325 x 175 x 167 мм
Салмағы (негізгі құрылғы)	3,5 кг

Күшейткіш

Жиілік жауабы	60 Гц - 16 кГц; ± 3 дБ
Сигнал-шу арақатынасы	> 70 дБА
Қосымша кіріс	0,5 В RMS 10 кОм

Тюнер

Реттеу ауқымы	FM: 87,50 - 108,00 МГц; DAB: 174,928 - 239,200 МГц
Реттеу торы	50 кГц
DAB сезімталдығы (EN50248)	< -95 dbm
Гармоникалық мазмұн	$< 2\%$
Сигнал-шу арақатынасы	> 50 дБА
Алдын ала орнатылған радиостанциялардың саны	30 (FM), 30 (DAB)

Динамиктер

Үндеткіштің номиналдық қарсылығы	6 Ом
Үндеткіш драйвері	2 X 3" толық ауқым
Сезімталдық	> 82 дБ/м/ Вт

15 Ескерту

WOOX Innovations тікелей рұқсат бермеген құрылғыға енгізілген қандайда бір өзгерістер немесе түрлендірулер пайдаланушының жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.

Сәйкестік



Бұл өнім Еуропа қоғамдастығының радио кедергілеріне қойылатын талаптарына сай.



Бұл қос изоляциясы бар және қорғағыш жерге қосу қамтамасыз етілмеген II СЫНЫПТЫ жабдық.

Қоршаған ортаны күту



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Бұйымдағы сызылған дөңгелекшелі қоқыс жәшігінің белгісі көрінсе, ол бұйымның Еуропалық 2002/96/ЕС нұсқауына сәйкес оралғанын білдіреді.

Электр және электрондық бұйымдарды қоқысқа лақтыру жергілікті ережелерімен танысып алыңыз.

Жергілікті ережелерді сақтап, ескірген бұйымдарды әдепкі қоқысқа қоспай, жеке лақтыруыңызды өтінеміз. Ескі бұйымыңызды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына кері әсерін тигізуден сақтайды.



Сіздің бұйымыңызда 2006/66/ЕС Еуропалық директивасына сәйкестендірілген қондырылған қайта жандандыруға болатын батарея бар, оны кәдімгі тұрмыстық қалдық ретінде лақтыруға болмайды. Батареяларды қоқысқа тастау жергілікті ережелерімен танысып алыңыз. Себебі бұйымдарды қоқысқа лақтыру ережелерін сақтау қоршаған ортаға және адам денсаулығына көрсететін кері әсерлерден сақтайды.

Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік орауышы.)

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсы біткен батареялар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.

Өнімде көрсетілген тауар белгісі

Made for



iPod



iPhone

«iPod үшін жасалған» және «iPhone үшін жасалған» электрондық қосалқы құралдың арнайы iPod немесе iPhone құрылғысына қосылу үшін жасалғанын, сәйкесінше Apple өнімділік стандарттарына сәйкес келу үшін әзірлеуші тарапынан куәландырылғанын білдіреді. Apple компаниясы бұл құрылғының жұмысына немесе оның қауіпсіздік және нормалық стандарттарға сәйкестігіне жауапты емес. Осы қосалқы құралды iPod немесе iPhone құрылғысымен пайдалану сымсыз жұмысқа әсер етуі мүмкін екендігін ескеріңіз.

iPod және iPhone — Apple Inc.

корпорациясының АҚШ-та және басқа елдерде тіркелген сауда белгілері.

Авторлық құқықтары

2014 © WOOX Innovations Limited. Барлық құқықтары қорғалған.

Philips және Philips Shield Emblem —

Koninklijke Philips N.V. компаниясының

тіркелген сауда белгілері және оларды

WOOX Innovations Limited компаниясы

Koninklijke Philips N.V. компаниясынан алған

лицензия бойынша пайдаланады.

Техникалық сипаттамалары ескертусіз

өзгертіледі. WOOX кез келген уақытта

бұрынғы жеткізілген жабдықтарды тиісінше

реттеу міндетінсіз өнімдерді өзгерту

құқығын өзінде қалдырады.



Specifications are subject to change without notice.

2014 © WOOX Innovations Limited. All rights reserved.

This product was brought to the market by WOOX Innovations Limited or one of its affiliates, further referred to in this document as WOOX Innovations, and is the manufacturer of the product. WOOX Innovations is the warrantor in relation to the product with which this booklet was packaged. Philips and the Philips Shield Emblem are registered trademarks of Koninklijke Philips N.V.

ORD7300_10_UM_V2.0

